

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Етістік

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.04.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/56008/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың тақырыбы: Етістік туралы білетінімді еске түсіремін  
Күні:08,02 Мұғалімнің аты-жөні:Караева Асия Канатовна  
Сынып: 3 Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:  
Сабаққа негізделген оқу мақсаты 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;  
3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.  
Сабақ мақсаттары Барлық оқушылар жасай алады:  
• Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады.  
Оқушылардың көбі жасай алады:  
• Сөйлемдерді тиісті етістіктерді қойып толықтырып жазады.  
Оқушылардың кейбірі жасай алады:  
• Сөйлемді етістіксіз айтып көріп, етістіктің не үшін керектігін түсіндіріп дәлелдейді. тапсырма№№

Бағалау критерийілері:

• Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсіндіреді

\*Етістікке сұрақ қояды, сұраққа жауап жазады

\*тиісті етістіктерді қою арқылы сөйлемдерді толықтырып жазады

\* қатемен жұмыс жасайды, каллиграфиялық жазу дағдысына төселеді.

Тілдік мақсаттар

Пәндік терминология мен тірек сөздер:

Етістік,зат есім, негізгі, туынды зат есім, тәуелдік жалғаулар.

Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл:

Талқылау үшін сұрақтар:

Мәтіннің тақырыбы мен берілген сурет бойынша мәтін мазмұнын болжай аласың ба?

Зат есім дегеніміз не?

Етістік дегеніміз не?

Берілген сөздерді жекеше түрде тәуелдеп жаза аласың ба?

Құндылықтарды дарыту Өнер түрлерінің адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру ;  
Оқушыларды өнерді бағалай білуге, өнер иелерін, туындыларын қастерлей білуге тәрбиелеу.

АКТ ны қолдану дағдылары

Пәнаралық байланыс Әдебиеттік оқу /М.Әуезов және А.Құнанбаев туралы айтылады/

Алдыңғы оқу/бастапқы білім 2-сыныпта етістік тақырыбынан игерген білімдеріне негізделіп меңгертіледі.

Жоспар

Сабақтың

жоспарланған

кезеңдері/ жоспарланған уақыт Жоспарланған жаттығулар Ресурстар

Сабақтың басталуы

1мин

3мин

3мин

2мин

3мин

2мин

2мин

2мин 1.Раппорт /сенім/ орнату.

2.Сабақтың тақырыбын жариялау.

Үйренерім көп менің. 2-сыныпта етістік тақырыбынан игерген білімдерін еске түсіру.

Топта отырып «Үйренерім көп менің» тақырыбында сұхбаттасады. Сабақта не үйренгісі келетіндерін хабарлайды.

-Сіздер бүгінгі сабақта не үйренулеріңіз керек?

-Сіздердің үйренгендеріңіздің дәлелі қандай болмақ?

-Бағалау критерийлерімен келісесіздерме?

Бағалау критерийі:Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді.

1-жаттығу. «Топта»

Мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау.

Дескриптор:

Мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтайды

сызбада берілген жауаптарды оқиды, біреуін таңдай алады. Себебін түсіндіріп, дәлелдейді.

Бағалау критерийі: Сұраққа жауап жазып, етістіктерді табу.

Талқылау «топта»

Жазылым «жеке»

«Ұлы» деп қандай адамдарды айтады? сұрағына жауап жазады.

Дескриптор:

Етістікке сұрақ қойып, астын сызады.

Мұғалімнің көмегімен бір-бірінің қатесін тауып, түзету жұмыстарын жүргізеді.

Тексеру-бірін-бірі.

ҚБ. Мұғалім оқушылардың қалай жұмыс жасап жатқандығын бақылайды, кері байланыс береді.

Дескриптор арқылы және төсбелгімен.

Тапсырманы талқылау.

\*Бұл тапсырмадан не үйрендік?

\*Тапсырманы орындауда оңай жері болды ма?

\*Қай жерде қиналдығыңдар?

Сабақтың ортасы

5мин

2мин

5мин

2мин

1мин

2мин

«Артығын алып таста» әдісі. «Топта»

Оқушыларға сөздер жинағы беріледі. Олар қай сөз артық екенін табу керек.

Дескриптор:

\*Тиісті етістіктерді қою арқылы сөйлемдерді толықтырып айтады

2-жаттығу. «Дәптердегі тапсырма» жеке

Дескриптор:

\*қатемен жұмыс жасайды,

\*каллиграфиялық жазу дағдысына төселеді.

\*көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қояды

\*сөйлемді толықтырып жазады

Тексеру-бірін-бірі.

ҚБ. Дескриптор арқылы және төсбелгімен.

Топта берілген үлестірімелі суреттерді сәйкестендіру.

3-жаттығу. «Дәптердегі тапсырма» жеке

Дескриптор:

\*қатемен жұмыс жасайды,

\*каллиграфиялық жазу дағдысына төселеді.

\*сұраққа жауап беру арқылы сәйкестендіреді.

Тапсырманы талқылау.

Сөйлемді етістіксіз айтып көрейікші.

Қандай өзгеріс болды?

Етістік не үшін керек екен?

Қиындықтарды түзету

Мұғалім орындалу барысының дұрыстығын тексереді.

– Кімде қиындық туындады?

– Сіз қай жерде қате жібердіңіз?

– Қате кетудің себебі неде?

Сабақтың соңы

4 мин

1мин Рефлексия.

–Сабақтың басында алдымызға қандай мақсат қойдық?

– Осы мақсаттарға жете алдық па?

– Сіздерде қиындық туындаған ба еді?

– Сіз оларды өте алдыңыз ба?

Үйге «Биші» тақырыбына бес жолды өлең құрастыру.

Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?

Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Үлестірімелі қағаздағы тапсырмалар.

Оқушылардың жұмысын бақылау, оларға сұрақтар қою,әңгімелесу, кері байланыс беру.

Оқушылар дескрипторлар бойынша өзін-өзі және бірін-бірі тексереді. Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері.

Осы сабақта қолданылат ын

Қауіпсіздік техникасы

ережелерінің тармақтары.

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.